



БҰЙРЫҚ

01.03.2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 41

город Астана

**«Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі
олимпиадасының қалалық кезеңін өткізу туралы**

«Білім-инновация» Халықаралық Қоғамдық Қорының 2024 жылғы 23 қаңтардағы №34 хаты және Астана қаласы Білім басқармасының 2024 жылдың 01 наурыздағы №336 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Интеллектуалдық іс-шараларды ұйымдастыру және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ш.Қалқабаева «Білім-инновация» Халықаралық Қоғамдық Қорымен бірлесе отырып (келісім бойынша) 2024 жылдың 1 наурызында «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының қалалық кезеңін (бұдан әрі-Олимпиада) Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының және Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының базаларында өткізуді ұйымдастырсын.

2. Олимпиаданың қазылар алқасы құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2024 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Абишеваға жүктелсін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева